

**Р.О. Керимкулова\*, Ш.И. Ибраев**

*А.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

*\*Corresponding author: rimma\_ok.kz@mail.ru*

### **Миф пен эпос поэтикасының типологиясы**

---

**Аңдатпа.** Әлем ғалымдарының айрықша назарын көне заман адамдарының дүниетанымынан тарайтын мифтің өз алдына дербес қызметі, структуралық түзілісі, мазмұны, адамзаттың ойлау ерекшеліктерімен байланысты табиғаты аудартып келе жатыр. Мифті зерттеудің әдістемесі мен теориясы антропологияның, әлеуметтанудың, фольклортану мен психологияның ғылыми жетістіктері тұрғысынан әр түрлі аспектіде зерттелу үстінде. Бұған жер бетінде байырғы мәдениетті сақтап қалған халықтар мен тайпалардың деректерімен бірге, мифтің антикалық дәуірден бері қағазға түскен үлгілері нысана етіп алынуда. Бұдан басқа мифтің көрініс тапқан саласы – эпос, аңыз, ертегі, ғұрыптық фольклормен бірге жеткен үлгілері де өз алдына үлкен сала құрайды. Осы мәселеде мифтің өзі ғана емес, оның жанрлық өзгеріске ұшырауы туралы да сөз қозғаудың жөні бар. Себебі фольклордағы миф замана контекстінде өзгерген, идеологиялық өңдеуге ұшыраған, жанрдың (мәселен, эпостың) өзгешелігіне икемделген болып табылады.

Мұндай заңдылық түркі халықтарының эпостық жырларындағы мифке де, мифтік кейіпкерлерге де қатысы бар. Іс жүзінде эпос – байырғы миф, ертегі, аңыз, ғұрыптық фольклор түрлерін синтездік сүзгіден өткізіп барып, дербес қалыптасқан жанр. Ондағы мифтік мотивтер, ұғымдар, кейіпкерлер эпостың жанрлық табиғатына икемделген.

Аталған мақалада миф поэтикасының және эпос поэтикасының типологиясын ашып көрсетуде түркі халықтарының рухани мұраларын, эпостары мен мифтерін салыстыра қарастыру, соның негізінде тың тұжырымдарға қол жеткізу, оларды ортақ мәдени мұра ретінде білу міндетін орындауға бағытталуы мақаланың өзектілігін арттыра түседі. Түркі халықтарының фольклорын зерделеп, зерттеп, меңгерген сайын түбі бір түркілік болмысымыз да әр қырынан ашыла түседі.

**Түйін сөздер:** миф; қаһармандық эпос; эпос структурасы; эпос поэтикасы; типология; мифтік ұғымдар.

**DOI:** <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2021-136-3-161-168>

**Түсті:** 05.04.2021 / **Жарияланымға рұқсат етілді:** 14.08.2021

---

### **Кіріспе**

Қазіргі таңда барлық түркі елдеріне ортақ мұра – қаһармандық эпостарды ғылыми тұрғыда жаңаша зерделеу қажеттілігі басым болып отыр. Түркілердің эпикалық дәстүрлерін салыстырмалы түрде жан-жақты зерделеу ғалымдардың тарапынан қолдау тауып жатқанына қарамастан әлі талай атқарылатын жұмыс айтарлықтай көп. Қаһармандық эпостар мен мифтің поэтикасын толықтай зерттеу ісі де жеткілікті дәрежеде жүзеге асқан жоқ деуге болады. Ұзақ жылдар бойы түркі халықтарының арасындағы өзара әдеби, мәдени, рухани байланыстар үзіліп қалған себептен салыстырмалы зерттеулерді іске асыру мүмкін емес болды. Тәуелсіздігімізді алғаннан соң түркі халықтары бәрімізге ортақ рухани мұра – бір-біріміздің эпикалық туындыларымызды салыстыра қарастырып, ортақ сипатын айқындап,

оларды жан-жақты зерттеуді, жариялауды, зерделеуді қолға ала бастадық. Түбі бір түркі халықтарының арасындағы дәстүр сабақтастығының сақталғандығын бағамдау – бүгінгі таңдағы өте өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

Мифтің мифологемасы, сюжеті, мотиві, эпостың түрлі деңгейінде құрылымдық мәнге ие болуымен қатар, кейіпкерлердің бейнесі, арқалайтын жүгі бойынша да мифтік ұғымдарға барып тіреледі.

Эпос жанры жекеленіп тұрып, оқшауланып өмір сүрмейді. Ол мифтің де, ертегінің де жанрлық қасиеттерін бойына сіңіріп, тығыз байланыста болады. Түркілердің қаһармандық эпостарында көне мифтең, эпостаң, ертегілерден қалған белгілер әр түрлі сипатта және әр түрлі дәрежеде кездеседі. Түркі халықтарының дүниетанымындағы ерекшеліктер мен айырмашылықтар, тұрмыс-тіршілігіндегі тарихи оқиғалар эпостың дамуына өзіндік әсерін тигізгендігі белгілі.

### Тақырыптың зерттеу нысаны мен зерттелу әдісі

Бұл мақалада тарихи-типологиялық тәсіл басшылыққа алына отырып, ауыз әдебиетінің миф пен эпос секілді жанрларының поэтикасы талданады. Тақырыптың зерттеу нысаны жалпы түркілердің мифі мен эпосының байланысын түрлі аспектіде қарастыру, жан-жақты салыстыру. Типология типтік белгілерді іздейді. Ал типтік белгілерді алдымен ұлттық эпостан жинақтап, салыстырмалы, жүйелеу әдістері арқылы талдау қажеттігі ескерілген.

### Зерттеудің мақсаты

Түркі халықтарының рухани болмысында өзінің молдығымен, көркемдік қуат-тегеурінімен, тарихи деректілігімен айрықша орын алатын алуан сырлы эпостық мұрамыз бен мифтердің бітімін саралап, типтік белгілерін жинақтау. Ал жұмыстың негізгі **міндеті** түркілердің мифі мен поэтикасының көркемдік болмыс бітімін анықтауға атсалысу.

### Зерттеудің талдануы мен нәтижесі

Миф пен эпостың зерттелу жолдарын қарастырудың екі маңызы бар: біріншіден, ғылымның осы саладағы ізденістерін жинақтау эпостану мәселесін жаңа сатыға көтеруге, жетістіктері мен әлсіз тұстарын анықтауға көмектесе, екіншіден, эпостың теориялық-методологиялық проблемаларымен кеңірек танысуға септігін тигізеді.

Түркі халықтарының қаһармандық эпосының мифпен байланысын екі түрлі аспектіде қарастыруға болады: *біріншісі*, мифтік ұғымдардың, кейіпкерлердің, ғажайып заттардың, киелі (сақралды) орындардың т.б. эпостағы трансформациялық түзілісі, *екіншісі*, миф құрылымының және баяндау тәсілінің (мифтік дәуір, мифтік уақыт, мифтік кеңістік) эпоста сақталған үлгісі. Бұл екі мәселені тарихи поэтиканың өзгешеліктерімен және даму заңдылықтарымен бірлікте қарастыру да, этнографиялық аспектіде реликт, көненің жұрнағы ретінде де іздестіру де тиісті нәтиже берері сөзсіз.

Алайда мифтің дүниетанымдық табиғатының эпос құрылымындағы орны мен мәні бұл айтылғандармен ғана шектелмейді. Атап айтқанда мифтің логикасы мен құрылымына тән өзгешеліктер болмысты түсінудің және санада жинақтаудың үлгісі ретінде эпос структурасында да орын алғанын байқауға болады.

Әрине, мифте ирреалдық, шындыққа жанаспайтын ұғымдар орын алса, эпоста реалды бейнелеуге қарай бағытталған баяндау тәсілі басты орынға шығады. Алайды өз дәуірі үшін миф оқиғасының және логикасының байырғы адамдар тарапынан шындық ретінде қабылдануы мәселенің өзара сабақтас екенін көрсетеді. Атап айтқанда миф те (өз дәуірі үшін), эпос та айтушылар үшін де, тыңдаушылар үшін де – өмірде болған шындық. Оларда баяндалған қаһармандар да, оқиғалар да бір заманда болған, адамдар бастан өткерген,

оқиғалардың фантастикалық, ғажайып сипаты ерекше дәуірмен түсіндіріледі. Айырмашылық байырғы мифтік дәуірдегі адамдар мен эпосты жаратқан бергі заман адамдарының ойлау ерекшеліктерінде, сананың тарихи сатысының айырмашылығында. Мұны арнайы зерттеген француз антропологы Люсьен Леви-Брюль сана мен ойлаудың тарихи кезеңінің мифтік дәуірде басқаша болғанымен түсіндіреді. Атап айтқанда оны пра-логическое (логикаға дейінгі) ойлау жүйесі деп атаған. Алайда мұны «логикасыз», «мағынасыз ойлау» деп түсінуге болмайды. Мәселе байырғы адамдар мен қазіргі адамдардың ойлау жүйесіндегі айырмашылықта.

Айнала қоршаған орта, болмыстың сыры туралы мағлұматтар алдымен адамдардың өзінің жүріп-тұрысына, өзгелермен қарым-қатынасына, социумның дағдысы мен тіршілік тынысына қарай жинақталған. Аспан денелері, табиғат құбылыстары қаншалықты ауқымды, жойласыз үлкен, космостық өлшемде көрінгенімен, олардың қарым-қатынасы социум тіршілігінің, моралдық-этикалық нормаларының, жақсы-жаман әрекеттерінің нәтижесі қатары түйінделеді. Бұлар ұжымдық сананың көрінісі болып табылады, әрі оның мистикалық пра-логикалық сипаты айқын [1, 48 б.].

Кеңістік пен уақыт ұғымдары бірімен бірі тығыз байланысты болып табылады. Эпоста қаһарманның дүние есігін ашқаннан бастап, мақсат-мұратына жеткенге дейінгі әрекеттері кеңістік пен уақытты біріктіреді. Осы себептен де кеңістік пен уақыт оқиғаларға толы болып келеді. Эпостарда батырдың туған-туыстарымен қош айтысуы, қайта көрісіп-табысуы, сапарға аттануға дайындалуы баяу жүрсе, белсенді қимылы суреттелгенде уақыт тез өтеді.

Ойлау жүйесінің айырмашылығы миф пен эпоста мазмұны жағынан жіктелген мифтегі жойласыз ғажайып оқиғалар эпоста тарихи жағдайға, шындыққа орайластырылған. Оқиға мифтегідей бір заманда болған, ата-бабаларымыз бастан өткерген деп баяндалғандықтан, енді оған реалистік сипат берілген. Батырдың мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, өзгелермен қарым-қатынасы кәдімгі адамның әрекетіне ауысқан. Ал оның тездетіп өсуі, мыңдаған жаумен жалғыз соғысуы, түрлі құбыжықтарды жеңуі, бір елдің әскерінің қанын судай ағызуы, атының ұшуы, т.б. мифтік белгілерін сақтағанымен, жайшылықта батырдың кейпі шындыққа сәйкес. Ал оның жойласыз әрекеті ұлғайту (гипербола) тәсілі ретінде көркемдік бейнелеу амалына көшкен. Ұлғайту – поэтикалық көркемдік құрал қатары қабылданады. Жырда батырдың сырт бейнесі, күші, түр-тұлғасы, іс-әрекеттері, жекпе-жектері, шайқастары, оның тұлпарының шабысы, жау батырларының жағымсыз бейнесі, табиғат құбылыстары шындықтан асып, ерекше ұлғайтылып, әсірелене жырланады.

Асылы тарихи поэтиканың түп негізі мифтік бейнелеу жүйесіне барып тіреледі. Мифті зерттеген ғалымдардың көбі тілде сақталған көркемдік-бейнелеу құралдарының (теңеу, метафора, параллелизм, синекдоха, литота, гипербола, метонимия, т.б.) көбі байырғы замандағы салыстыру, балама табу, аналогия жүргізу, ұқсастыру үдерістерімен сабақтас екенін айтады [2, 35 б.].

Қаһарман әрекетін (соғысу, жекпе-жекке шығу, құбыжық кейіпкерлерді жою, жол жүру т.б.) баяндауда мифтің рөлі эпостық шығармаларда молырақ сақталған. Әрекет әсерлі, бейнелі, ауқымды болуы үшін оны асыра дәріптеу, ұлғайту немесе кішірейту, мезгілдік жағынан созып көрсету (қыстың болғанын қабағына қатқан қыраудан, жаздың болғанын қыраудың ерігенінен білу) сияқты тәсілдер орын алады. Мифте бұлар реалды әрекет қатары қабылданса, эпоста көркемдік-бейнелеу құралына айналған. Миф поэтикалық ойлаудың маңызды қайнар көзі ретінде басқа деңгейге көшкен [3, 52 б.]. Осындай әрекет XIV-XV ғғ. шежірелік жылнамаларда Әмір Темір бейнесіне қатысты «идеалды» қолбасшы образын жасауға да ықпалын тигізген [4, 101 б.]. Қаһармандық эпостардағы батырдың образында, жаратылысында тәңірлік түсініктің орын алғанын байқаймыз. Тәңір – аспандағы құдай. Оның бейнесі ер адам ретінде қабылданады. Тәңірлік дүниетаным бойынша түркі қағандарының қаһармандық жаратылысы Көк аспанмен байланысты [5, 112 б.].

Эпос поэтикасының тағы бір мифтен бастау алған айғағы – структуралық құрылымында. Мифтегі кеңістік өзімдікі/ бөтендікі, адамдардыкі/адамзаттық емес болып жіктелетіні эпосқа да ауысқан. Батырдың ерлік ісі бөтен елде, жау мекенінде жүзеге асады. Ерлік іс аяқталғаннан кейін қаһарман жеңіспен өз мекеніне оралады. Оқиғаның ұзын-ырғасы батыр елінде –жау елінде – қайтадан өз елінде өтіп, осы үлгі (модель) көптеген эпоста қайталанатын [6, 124 б.].

Миф пен эпос – екі түрлі дәуірдің, ойлау жүйесінің байырғы және одан кейінгі кезеңінің нәтижесі. Солай бола тұра эпос өзінен бұрынғы миф тәжірибесіне, атап айтқанда болмысты түсіну мен санадан өткізу дәстүріне арқа сүйей отырып дамыған. Уақыт өткен сайын эпос мифтен алшақтай берген. Алайда олардың құрылымдық жүйесінде ортақ белгілердің сақталып қалғандығы дау тудырмайды.

Миф пен эпос сюжетінің кеңістіктегі және уақыт категориясындағы орналасу тәртібі де өзара ұқсас болып келеді. Атап айтқанда, үйленбеген қаһарман өзіне әйел алу үшін бөтен елге сапарға аттанады. Сапарға шығу сынақтан өтіп, ұзақ жол жүру нәтижесінде, бөтен (жау) елде өзінің болашақ жарын алу үшін мифте түрлі құбыжықтармен, ал эпоста жау батырларымен күш сынасу түрінде өтеді.

Қаһарманның бөтен елден қалыңдық алуының арғы негізінде экзогамиялық дуальдық құрылымның ізі байқалады [7, 87 б.]. Мифтік ұғым бойынша бөтен елдің мифтік кейіпкерлері, сол елдің тотемдік жануарларының (аяу, қасқыр, жылан, т.б.) бейнесі болуы мүмкін. Бөтен елге барған қаһарманға алдымен қарсы тұратындар солар. Себебі рудың ең басты қорғаушы күші және біріктірушісі осы тотемдік хайуандар.

Экзогамиялық формада ұйымдасу ру аралық қарым-қатынасты реттеудің идеологиялық негізі болып табылады [8, 47 б.].

Эпос қаһарманының сапарға шығуы осы мифтік дәуірдегі руаралық қатынастардың сілемі болуы әбден мүмкін. Себебі Қиыр Солтүстіктегі байырғы тайпалардың мифі мен эпосындағы әйел алу тақырыбы құрылымдық жүйесі бойынша өте жақын. Көрнекті фольклорист В.Я.Пропп чукоттардың мифі мен гиляктардың эпосындағы қаһарманның әйел алу сапарының уақыт және кеңістік бойынша бірдей жүйе құрайтынын атап көрсетеді [9, 154 б.]. Айырмасы чукоттардың шамандық мифінде шаманның бөтен елде әйел алуы бақсылық өнеріне (камлания) байланысты болса, эпоста ерлік іс арқылы жүзеге асады.

Асылы бақсылардың транс жағдайға түсіп, түрлі жындармен жан ұшырып алысқандығы жағдайы батырлардың ерлігін қайталағандай болады.

Жау елінен оралған қаһарман мен бақсы ойынын аяқтап, өз мекеніне оралған шаманның әрекеті құрылымдық жағынан өте жақын: екеуі де ерлік әрекетін басқа дүниеде жасап, соңында өзі кеткен жеріне қайтып келеді. Олардың істеген әрекетінің хронологиялық тәртібі, уақыт бойынша орналасуы бірдей болып шығады: өз мекенінен кету, бөтен елде ерлік көрсету, соңында жеңіспен мекеніне қайту. Бұл конструкция қаһармандық эпостың бас кейіпкері батырдың ерлік істерін баяндаудың өмірбаяндық принципке құрылатынына негіз болған.

Миф пен эпос поэтикасының ортақ белгісі көркемдік кеңістікті бейнелеуден де байқалады. Мифтегі кеңістік бинарлы оппозиция принципке құрылған. Атап айтқанда таулардан, сулардан өту, сөйтіп бөтен әлемге (чужой мир) бару жоғары/ төмен (вверх/вниз) үлгісі бойынша ұйымдастырылады [10, 223 б.]. Эпостық жырларда батыр ұзақ жол жүріп таулардан (белдерден, төбелерден) және өзендерден (шөлдерден, жазық даладан, иесіз ең даладан) шауып өтеді. Бұл жолдың эпикалық формуласы:

Асқар-асқар таулардан,  
Айдын шалқар көлдерден,  
Асыра басып жөнелді.

Бұл кеңістік жойласыз ұзақтықты, жер бедерінің ауысып отырған, жол картинасының

өзгерісін бейнелеумен бірге, бөтен әлемнің батырдың елінен бөлек екенін ажырату үшін қажет [6, 139 б.]. Жоғары/ төмен өлшем бұл мифтік санаға сәйкес.

Түркі-монғол халықтарының ұғымы бойынша, бақсының мінетін көлігі – оның қобызы (даңғырасы, сыпыртқысы). Кейде жолдың ауырлығына қарай алтай қамының даңғыра-көлігі бірде құс болып, бірде атан түйе болып, бірде ат болып құбыла түседі [11, 203 б.]. Бақсы ойын кезінде шамаңдық өзеннен қобызы (даңғарасы, кепшігі) арқылы жүзіп немесе ұшып өтіп басқа жындар (рухтар) әлеміне өтеді. Екі араны бөліп тұрған су немесе биік тау екі әлемнің шекарасы болып есептеледі.

Мифтегі осы ұғым эпоста өз елі және жау елі ұғымын ажыратып, арасын бөліп тұратын шекаралық белгіге айналған.

Миф пен эпос поэтикасындағы тағы бір бір-біріне ауысқан ұғым ол – уақыт өлшемі. Мифтегі уақыт – жойласыз ұзақ. Ол мезгілді ұзарту қажет болғанда жүздеген айлармен, мыңдаған жылдармен өлшенеді. Уақыт әрекетпен бірге суреттелсе, онда уақыт жылдам жүреді, ал оқиғасыз уақыт ұзаққа созылады.

Эпостық жырда, ертегілерде кейіпкердің жол жүруі «жеті күн, жеті түн», «қырық күн, қырық түн», «жеті жыл», «қырық жыл» деген мерзіммен белгіленеді. Батырлардың жекпе-жекте жылға созылады. «Қыстың болғанын кірпігіне қатқан мұздан, жаздың болғанын кірпігіне қатқан мұздың ерігенінен біледі. Әрекеттің, алысудың, соғысудың осындай мерзімге созылуы мифтік түсініктің әсері екені анық. Бірақ бұл жағдай кейінірек көркемдік тәсілге, ұлғайту, гипербола, метафора сияқты троптың түрлеріне ауысқан.

Уақыттың жойласыз өлшеммен алынуы мифте космос пен хаостың ауысуына байланысты ғарыштық ұғымда көшкен. Сондықтан да ол мифтік уақыттың ерекшеліктерін сипаттайды.

Ал эпостық шығармада уақыт реалды өлшемге түсіріліп, нақтылана бастайды. Уақыттың мифтік емес, тарихилық өлшемі нақтылануға қарай бағытталады. Мифтегі «бұрынғы өткен заманда», «баяғы заманда», «ертеде» дейтін ұғымдар эпоста нақтылы тарихи дәуірдің бейнесімен толықтырылады.

Эпос миф моделін пайдаланғанымен оқиғаның мазмұнын тарихи дәуірлердің шындығы мен көрінісіне қарай икемдейді. Себебі екеуі екі тарихи кезеңнің, болмысты игерудің бөлек шартын белгілейді.

### Қорытынды

Фольклортану ғылымының алдына қойылған міндеттері уақыт өткен сайын күрделеніп барады. Осы себептен ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетін толықтырып зерттеу мұраты іздену мен үйренудің жаңа жолдарын ашуды, зерттеу жұмыстарын жетілдіруді қажет етеді. Түркі мифтері мен эпостарын зерттеудің де алуан міндеттері алда тұр. Түркілердің сан ғасырлар бойында жаратқан эпикалық мұраларын түрлі белгілері бойынша топтап, зерттеудің әлі де толықтай аяқталмағандығы рас. Бүгінгі күнге дейін зерттелген эпостық ескерткіштер мол байлықтың тек бөлшегі ғана.

Эпосты тарихи-типологиялық ретімен қарастыру әртүрлі тараптан алғанда пайдалы. Мәселен, кей кезде жырды бір халықтың нұсқасымен ғана қарап талдау толық ғылыми зерттеулер мен қорытындылар жасауға аздық етеді. Түркілердің қаһармандық эпостарында көне мифтен, эпостан, ертегілерден қалған белгілер әр түрлі сипатта және әр түрлі дәрежеде кездесетіндіктен эпостың нағыз табиғатын ашу үшін, оның әртүрлі нұсқаларын қарастырудың маңызы зор. Түркі халықтарының дүниетанымындағы ерекшеліктер мен айырмашылықтар, тұрмыс-тіршілігіндегі тарихи оқиғалар эпостың дамуына өзіндік әсерін тигізгендігін ескере отырып, эпостарды бір-бірімен салыстыра қарап, олардың ортақ сарындары мен ұқсас үндестігіне назар аудару эпостық мұраның шын бағасын пайымдауға мүмкіндік берді деуге болады.



Мәселен, түркі халықтарында түрлі нұсқамен таралған «Алпамыс», «Қобыланды», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Едіге», «Ер Тарғын», «Ер Төстік», «Көрұғлы» аңыздарының түп негізін, даму барысын, көркемдік сипатын, тағы да басқа қасиетін тану үшін салыстырулар жасалды. Әрине мұндай жырлардың барлық тілдегі нұсқасын түпнұсқадан оқу, оны түсіну, ұқсастығы мен айырмасын ажырату оңай шаруа емес. Алайда ауыз әдебиеті туындыларын жан-жақты толықтай зерттеу үшін осы талаптарды орындау қажет.

Аталған мақалада миф пен эпос поэтикасының типологиясын ашып көрсетуде түркі тілдес халықтардың эпостары мен мифтері салыстыра қарастырылды және нәтижесінде тың тұжырымдарға қол жеткізілді. Түркі халықтарының фольклоры, соның ішінде эпос пен мифтің өз алдына дербес қызметі, структуралық түзілісі, мазмұны, табиғаты зерделеніп, зерттелді.

Түркі халықтарының қаһармандық эпосының мифпен байланысы мақалада екі түрлі аспектіде қарастырылды. Сондай-ақ мифтің логикасы мен құрылымына тән ерекшеліктер болмысты ұғынудың және санада жинақтаудың үлгісі ретінде эпос структурасында да орын алғаны атап көрсетілді.

Миф пен эпостың құрылымдық жүйесінде сақталып қалған ортақ белгілер, миф пен эпос сюжетінің кеңістіктегі және уақыт категориясындағы орналасу тәртібіндегі ұқсастықтар мен өзгешеліктер қарастырылып, оларға салыстырмалы зерттеулер жасалды.

Түркілерге ортақ рухани мұра болып табылатын эпикалық туындыларды салыстыра қарастырып, ортақ сипатын айқындап, оларды жан-жақты зерттеу, зерделеу, жариялауға атсалысуды айрықша міндетіміз деп білеміз.

### Әдебиеттер тізімі

1. Леви-Брюль Л. Сверхъестественное в первобытном мышлении / Л. Леви-Брюль. - Москва: Педагогика-Пресс, 1994. - 608 с.
2. Стеблин-Каменский М.И. Миф / М.И. Стеблин-Каменский. - Ленинград: «Наука», 1976. -104 с.
3. Эрман В.Г. Предисловие. Мифы древней Индии / В.Г. Эрман. - Москва: «Наука», 1975. - 240 с.
4. Муродов О.М., Полякова Е.А. Трансформация мифологических и легендарных образов в таджикско-персидских хрониках XI-XV вв. / О.М. Муродов, Е.А. Полякова. - Душанбе: Дониш, 1986. - 220 с.
5. Орынбеков М.С. Генезис религиозности в Казахстане / М.С. Орынбеков. - Алматы: Дайк-Пресс, 2005. -240 с.
6. Ибраев Ш. Түркі эпосының поэтикасы мен типологиясы (қазақ батырлық жыры негізінде) / Ш. Ибраев. - Астана: «Сарыарқа», 2012. -336 б.
7. Токарев С.А. Религия в истории народов мира. 4-е изд., испр. и доп. / С.А. Токарев. - Москва: Политиздат, 1986. - 576 с.
8. Бромлей Ю.В. Современные проблемы этнографии (Очерки теории и истории) / Ю.В. Бромлей. - Москва: «Наука», 1981. - 391 с.
9. Пропп В.Я. Фольклор и действительность. Избранные статьи / В.Я. Пропп. - Москва: «Наука», 1976. -326 с.
10. Qafarlı R. Mifologiya. 6 cildde. I cild. Mifogenez: rekonstruksiya, struktur, poetika / R. Qafarlı. - Bakı: "Elm və Təhsil", 2015. - 454 s.
11. Бердібаев Р., Уахатов Б. Қазақ фольклорының типологиясы / Р. Бердібаев, Б. Уахатов. - Алматы: Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1981. -308 б.

**Р.О. Керимкулова, Ш. Ибраев**

*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,  
Нұр-Султан, Қазақстан*

### **Типология поэтики мифа и эпоса**

**Аннотация.** Ученые мира уделяют особое внимание природе мифа, который происходит из мировоззрения древних, благодаря его самостоятельной функции, структурной структуре, содержанию и особенностям человеческого мышления. Методология и теория исследования мифа изучаются в различных аспектах с точки зрения научных достижений в антропологии, социологии, фольклоре и психологии. Это основано на данных народов и племен, сохранивших на земле древнюю культуру, а также на примерах мифов, написанных на бумаге с древних времен. Кроме того, область, в которой отражен миф - былины, легенды, сказки, обряды, наряду с фольклором, сама по себе большая область. В этом случае стоит говорить не только о самом мифе, но и о смене его жанра. Это связано с тем, что миф в фольклоре изменился в контексте времени, подвергся идеологической обработке, адаптирован к специфике жанра, например эпоса. Эта закономерность относится как к мифу, так и к мифическим персонажам эпических песен тюркских народов. По сути, эпос - это жанр, который независимо развился через синтетический фильтр древних мифов, сказок, легенд, ритуального фольклора. Его мифические мотивы, концепции, персонажи адаптированы к жанровой природе эпоса. Актуальность следующей статьи в раскрытии типологии мифа и эпической поэтики повышает актуальность задачи сопоставления духовного наследия, эпоса и мифов тюркских народов, на основе которых можно реализовать новые идеи, познать их как общекультурное наследие. Чем больше мы изучаем, изучаем и осваиваем фольклор тюркских народов, тем больше раскрывается наша тюркская идентичность.

**Ключевые слова:** миф; героический эпос; эпическая структура; эпическая поэтика; типология; мифологические концепции.

**R.O.Kerimkulova, Sh.Ibraev**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

### **Typology of the poetics of myth and epic**

**Abstract.** World scientists pay special attention to the nature of the myth, which originates from the worldview of the ancients thanks to its independent function, structural structure, content, and characteristics of human thinking. The methodology and theory of the study of myth are studied in various aspects from the point of view of scientific achievements in anthropology, sociology, folklore, and psychology. This is based on the data of peoples and tribes who have preserved an ancient culture on earth, as well as examples of myths written on paper since ancient times. In addition, the field in which the myth is reflected - epics, legends, fairy tales, rituals, along with folklore, is a large field. In this case, it is worth talking not only about the myth itself, but also about the change in its genre. This is due to the fact that the myth in folklore has changed in the context of the time, has undergone ideological processing, adapted to the specifics of the genre for example, the epic. This pattern applies both to the myth and to the mythical characters of the epic songs of the Turkic peoples. In fact, the epic is a genre that independently developed through the synthetic filter of ancient myths, fairy tales, legends, ritual folklore. His mythical motives, concepts, characters are adapted to the genre nature of the epic. The relevance of the next article in revealing

the typology of myth and epic poetics increases the relevance of the task of comparing the spiritual heritage, epic and myths of the Turkic peoples, based on which new ideas can be realized, to know them as general cultural ones. inheritance. The more we study and master the folklore of the Turkic peoples, the more our Turkic identity is revealed.

**Key words:** myth; heroic epic; epic structure; epic poetics; typology; mythological concepts.

### References

1. Levi-Bryul' L. Sverh"estestvennoe v pervobytnom myshlenii [The supernatural in primitive thinking], (Pedagogika-Press, Moscow, 1994, 608 p.), [in Russian].
2. Steblin-Kamenskij M.I. Mif [The myth], («Nauka», Leningrad, 1976, 104 p.), [in Russian].
3. Erman V.G. Predislovie. Mify drevnej Indii [Foreword. Myths of ancient India], («Nauka», Moscow, 1975, 240 p.), [in Russian].
4. Murodov O.M., Polyakova E.A. Transformaciya mifologicheskikh i legendarnykh obrazov v tadzhiksko-persidskikh hronikah XI-XV vv [The transformation of mythological and legendary images in the Tajik-Persian chronicles of the 11th-15th centuries.], (Donish, Dushanbe, 1986, 220 p.), [in Russian].
5. Orynbekov M.S. Genezis religioznosti v Kazahstane [The genesis of religiosity in Kazakhstan]. (Dajk-Press, Almaty, 2005, 240 p.), [in Russian].
6. Ibraev Sh. Turki eposynyn poetikasy men tipologiyasy (kazak batyrlyk zhyrlary negizinde) [Poetics and typology of the Turkic epos (based on the Kazakh heroic poem)], («Saryarka» baspa uji, Astana, 2012, 336 p.), [in Kazakh].
7. Tokarev S.A. Religiya v istorii narodov mira [Religion in the history of the peoples of the world], (Polizdat, Moscow, 1986, 576 p.), [in Russian].
8. Bromlej Yu.V. Sovremennye problemy etnografii (Ocherki teorii i istorii) [Contemporary Issues in Ethnography (Essays on Theory and History)], («Nauka», Moscow, 1981, 391 p.), [in Russian].
9. Propp V.Y. Fol'klor i dejstvitel'nost'. Izbrannye stat'I [Folklore and reality. Selected articles], («Nauka», Moscow, 1976, 326 p.), [in Russian].
10. Qafarlı R. Mifologiya. 6 cildə. I cild. Mifogenez: rekonstruksiya, struktur, poetika [Mythology. Mythogenesis: Reconstruction, structures, poetics], (Science and education, Baku, 2015, 454 p.), [in Azerbaijani].
11. Berdibaev R., Uahatov B. Kazak fol'klorynyn tipologiyasy [Typology of Kazakh folklore], (Kazak SSR-inin «Gylym» baspasy, Almaty, 1981, 308 p.), [in Kazakh].

### Авторлар туралы мәлімет:

*Керимкулова Римма Оралбаевна* – Халықаралық қатынастар факультетінің түркітану мамандығының 2 курс докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

*Ибраев Шакир Ибраевич* – ф.ғ.д., профессор, Түркітану кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

*Kerimkulova Rimma Oralbaevna* – The 2<sup>nd</sup> year Ph.D. student in Turkology of the Department of International Relations, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

*Ibraev Shakir Ibrayevich* – Doctor of Philology, Professor of the Department of Turkology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.